

ГЕТЕНІҢ «ЖОЛАУШЫНЫҢ ТҮНГІ ЖЫРЫ» ӨЛЕҢІНІҢ
ТӘРЖІМА НҰСҚАЛАРЫНА ТАЛДАУ НЕМЕСЕ АБАЙ МЕН ГЕТЕ
ЖАҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ БІРЕП СӨЗ

Мөлдір Молдағалиева

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Әр халықтың дана да ұлы ақындарының арасында рухани жақындықтың, рухани тамырластықтың, тіпті туыскандықтың бары анық болса, сол жақындық, сол туыстық Гете мен Абай шығармашылығында анық білінеді.

«Әртүрлі тарихи-географиялық ортада, әртүрлі қоғамдық формация мен тарихи кездерде, тіл мен әдебиет дәстүрі бір-бірінен мүлдем алшак жағдайда өмір сүргендеріне карамастан, Гете мен Абай тағдырларында, дүниетанымдарында, ізденістерінде, адамгершілік ынта-талабында, ұлттық мәдениетті дамытып, ұлттық сана-сезімді ояту бағытындағы ересен еңбектерінде үндес, сарындас әуендер жиі кездеседі» [1, 175], - дейді белгілі аудармашы, жазушы Герольд Бельгер. Ол - Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» негізінде туындаған Лермонтовтың «Тау шыңдары» мен Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдерінің үндес әуендерін кезінде біраз зерттеп, сол жайында үлкенді-кішілі мақала, эссе, зерттеулер жазған белгілі қаламгер. Зерттеулерінің барысында жұрттың бәріне мәлім небәрі сегіз жолдық миниатюраның түп-тамыры көне грек ақыны Алкманға барып тірелетініне көз жеткізген. Қызықты деректің төңірегіндегі ойлары мен топшылауларын «Үндестік» («Созвучие») атты кітапшасында береді.

Гетенің «*Über allen Gipfel*» өлеңінің орыс және қазақ тіліндегі аударма нұсқаларына талдау жасау барысында бұл өлеңнің орыс тіліндегі *Г.Бельгер, В.Брюсов, И.Анненский, Ю.Лермонтов, Б.Момышұлы* жасаған аударма нұсқаларына, ал қазақ тіліндегі *Абайдың, Құрманбаевтың, М.Әлімбаевтың* аудармаларына сүйендік.

Ұлттық қазынаға игілікті сыбаға болып қосылатын аудармалық әдебиеттің табиғаты талай ойшылды толғандырып, талай сөз зергерін сынаған. Қазақ топырағында ысылған реалистік аударма дәстүрі Абайдан басталады. Аударма мәдениеті де сол Абайдан тарайды [2, 94]. Абай өз аудармаларында ана тілімізден айна-қатесіз балама тауып, жүректің қанымен жазудың үлгісін жасады. Қазақ тіліне тәржімалауда біздің күні бүгінге дейін Абай тәжірибесіне соқпай өте алмайтынымызда, абайтанушы ғалым Төлен Әбдіков айтқандай, «бұрқыраған қайнардың» қасиеті бар.

Абай аудармалары тілімізді байыта түсті. Жаңа ұғымдары, тың теңеулері, эпитеттері жаңа сөз орамдарын, сөз айшықтарын туғызды. Поэзиямызда жаңа ырғақ, жаңа әуен пайда болды. Ойлаудың бейнелі жаңа түрлері шықты.

Абайдың аудармалық мұрасы аз сөзбен шешілетін нәрсе емес, жеке талдауды керек ететін нәрсе. Солай болғандықтан, біз бұл арада оның Гете

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

өлеңін («Uber allen Gipfel») қазақ тіліне тәржімалаудағы аудармашылық шеберлігіне өзге де орыс және қазақ аудармашыларының тәржіма нұсқаларымен салыстыру барысында тоқталатын боламыз.

Бұл өлеңді Гете 1778 жылы Рейн өзені бойындағы бір деревняға жаяу қыдырған сапарында шаруа үйінің қабырғасына жазып кетеді.

Тәржіма барысында қазақ аудармашыларының түпнұсқа ретінде орыс тіліндегі аударма нұсқаларына сүйенгендіктерін ескере отыра, алдымен, өлеңнің орыс тіліндегі тәржіма нұсқаларының сапалық деңгейін зерттеуді, яғни орыс тіліндегі аударма нұсқаларын түпнұсқамен салыстырып, соның негізінде қазақ тіліндегі тәржіма нұсқаларын салыстыруды жөн көрдік.

Түпнұсқадағы «*вершины гор*» тіркесін Г.Бельгер де, В.Брюсов та «*вершины*» деп бір сөзбен тәржімалаған. Аудармашылар бұл жерде генерализация тәсілін пайдаланса, И.Анненский мен Ю.Александров «*вершины гор*» тіркесін синонимі арқылы «*горные выси*», «*горная высь*» деп тәржімалаған. Аудармашылар бұл жерде «*гора – горы*» деген зат есімді «*горный*», «*горные*» сын есімдері арқылы беріп, транспозицияны да пайдаланған. М.Лермонтов та трансформацияның осы тәсіліне сүйеніп, «*горные вершины*» деп тәржімаласа, Б. Момышұлы «*вершины*» деп генерализациялау арқылы тәржімалағанын көреміз. Трансформацияның генерализация тәсілін қазақ аудармашылары да пайдаланған. Мәселен, осы тұсты Абай «*тау*», ал М.Әлімбаев «*таулар*» деп тәржімалаған. Құрманбаев болса, «*шыңдардың басында*» деп түпнұсқаға барынша жақын аударма жасаған. Менің ойымша, поэзия тәржімасындағы мұндай аударма тәсілдері (генерализация, транспозиция) түпнұсқаны қатты бұрмалап, мазмұнына айтарлықтай нұқсан келтірмегендіктен, аудармашылардың пайдаланған әр тәсілі де орынды, өйткені поэзия тәржімасында дәлдікті сақтау өте қиын.

Ал түпнұсқадағы «*покой*» сөзін аудармашылардың барлығы дерлік (Г. Бельгер, В. Брюсов, Ю. Александров, Бауыржан Момышұлы) түпнұсқадағы күйінде сақтай отыра тәржімаласа, И. Анненский «*покой*»-ды «*тишь*» сөзіне ауыстырады. Мұндай өзгертулер аудармаға айтарлықтай нұқсан келтірмегенмен, М. Лермонтовтың «*спят во тьме ночной*» деген тәржімасында еркіндік байқалатын. Әрине, аударма нұсқасы өте бейнелі, әрі көркем шыққан, десек те, аудармашы бұл жерде өзінің шығармашылық таланты мен шабытына басымдық бергендей. М. Лермонтов тәржімасын басшылыққа алғандықтан, Абай аудармасында да бұл тұс: «*Ұйқыға кетер балбырап*» түрінде көрініс табады, яғни таулардың тыныштықта болуын М. Лермонтов пен Абай олардың ұйқыға кетуі тұрғысынан суреттейді. Қарап отырсақ, Абай таудың өзіне жан бітіреді, оны бейне бір алып батырға ұқсатып қояды.

Көріністі осы тұрғыдын дамытып, тәржіма жасаған аудармашыларымыздың бірі – М. Әлімбаев, ол «*маужырап таулар мүлгиді*» деп тәржімалап, таулардың тыныштығын олардың маужырап мүлгуі арқылы

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

бейнелеген. Ал Құрманбаев болса, «покой» сөзінің баламасы «тыныштық» сөзін аударма нұсқасында сақтап қалған.

Лермонтовқа байланысты бір жәйт, оның тұңғыш жинағы небәрі 28 өлеңнен құралады. Екі жүзден астам өлеңнің жиырма сегізін ғана кіргізген. Сайдың тасындай іріктелген аз өлең автордың ересен білімдарлығын, талғампаздығын байқатады. Бір қызығы, Абай Лермонтовтан дәл 28 өлең аударыпты [2, 103].

Түпнұсқадағы «*вершины деревьев*» тіркесінің тәржімасына тоқталар болсақ, Г. Бельгер «*верхушка (макушка дерева)*» деп жолма-жол тәржіма жасайды. В. Брюсов болса, «*в листве, в долинах*» деп трансформацияласа, И. Анненский де «*в листве, уж черной*» деп еркіндікке бой берген. «*Черная листва*» деп эпитет қосып, түпнұсқаның өзіндік көркемдігін бұрмалаған. Әрине, түпнұсқадағы «*allen*» - «*вершина*» сөзінің «*вершины гор*» (*allen Gipfel*) «*вершины деревьев*» (сөзбе-сөз) (*allen Wipfeln*) деп қайталаулар арқылы берілуі автрдың өзіндік стилін байқатса керек. Алайда, орыс тілінде «*вершины деревьев*» деген тіркестен гөрі, ағашқа қатысты «*макушка, верхушка*» сөздері қолданылады. Сол себепті, поэзия аудармасындағы образдылықты, көркемдікті басты назарға ала отыра, тұтастай сол образдың аудармасын қарастырған жөн деп есептеймін. Мәселен:

*Во всех вершинах деревьев
Не ощущаешь ты
Ни дуновения,-*

деген тұсты Г. Бельгер :

*В каждой верхушке (макушке дерева)
Чувствуешь ты
Едва дуновение, -*

деп ұтымды аударған деп есептеймін. Г. Бельгердің антонимдік аударма тәсілі арқылы «*не ощущаешь ты*» тіркесін «*чувствуешь ты едва дуновение*» деп аударуын да тәржіманың ұтымды тұстарының бірі деп қабылдауға болар.

Ал В. Брюсовтың:

*В листве, в долинах,
Ни одной
Не дрогнет черты, -*

деген тәржімасында түпнұсқада суреттелген тыныштық образы сақталса да, дәлдіктен алшақтық сезіледі, еркіндік лебі байқалады.

И. Анненскийдің де:

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

*В листве, уж черной
Не ощутишь
Ни дуновенья, -*

деген тәржімасындағы «черная листва» эпитеті түпнұсқадан бөлек, жаңаша образдың пайда болуына әкелді деп айтқан болатынбыз. Меніңше, ағаштардың барлық жапырақтарының қыбыр етпей, тыныштықта болуын бір ғана жапырақтың образымен беру мүмкін емес.

Осы секілді еркіндік Ю. Александровтың:

*Чуть слышен лиственный шорох
В глуши лесной, -*

деген тәржімасынан да сезіледі. Егер түпнұсқада «не ощущаешь ни дуновения» деп толық тыныштық суреттелсе, бұл аударма нұсқасында «чуть слышен лиственный шорох» деп жапырақ сыбдырының сәл де болса естілуін бейнелейді.

М. Лермонтов болса:

*Тихие долины
Полны свежей мглой, -*

деп трансформация тәсілін пайдаланып, түпнұсқаға жаңа образ сыйлауға тырысқан, сәйкестік іздеуде еркіндікке бой алдырған. Ағаш жапырақтарының үнсіздігін М. Лермонтов тәржімасында «Не дрожат листы» деп береді, алайда түпнұсқадағы өлең құрылымына, ретіне аудармашының өзгеріс енгізгендігін аңғару қиын емес. Сол секілді, түпнұсқада сөз етілмейтін жол көрінісі де М. Лермонтов тәржімасында «Не пылит дорога» түрінде орын алған. М. Лермонтовтың тәржімасын қазақ тіліне аударып, сол арқылы Гете өлеңін қазақ тілінде сөйлеткен Абай бұл тұстарды:

*Даланы жым жсырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап,*

*Шаң шығармас жол дағы
Сілкіне алмас жапырақ, -*

деп керемет тәржімалаған. Абайдың бұл тұстағы кереметтілігі – неміс тіліндегі түпнұсқаға дәлдігі емес, себебі Абай үшін түпнұсқа рөлін М.Лермонтов тәржіма нұсқасы атқарды. Өзі түпнұсқа деп білген М.Лермонтов аударма нұсқасы қазақ тілінде сондай жатық, сондай бейнелі де көрем шыққан, тіпті өлең о баста қазақ тілінде жазылғандай әсер

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

қалдырады. Жым-жырт дала да, салбыраған түн де, шаң шығармай тыншыған жол да қазаққа түсінікті. Бұл шақты «ел орынға отырған шақ» деп те атайды. Өлеңнің кейінгі тармақтарында «Тыншығарсың сен дағы, Сабыр қылсаң азырақ» деуінде осындай астар бар. Бұл астардың қиялдан қосылмай, түпнұсқадан алынуы аудармашының ыждағаттылығын танытып тұр. Соған қарап, неміс тілінен тікелей аударма жасауға болғанда, Абай өзге аударма нұсқаларын шаңына жуытпас та еді деген ойға келе аламыз. Мұның барлығы Абай Құнанбайұлының аудармашылық және ақындық шеберлігін, талантын тағы бір мәрте айғақтай түседі.

*...Тым-тырыс, бей-жай қыр-белде
Қоңыржай мұнар сырғиды.
Бұрқ етпес шаң да жолдағы,
Желпінбес жасыл шалғын да», -*

деп тәржімалаған М. Әлімбаев та М. Лермонтовтың орыс тіліндегі аударма нұсқасын түпнұсқа ретінде басшылыққа алды. Неміс тіліндегі түпнұсқада «вершины деревьев» туралы сөз болса, М. Лермонтов аудармасында ол «листы» боп түрленсе, М. Әлімбаев аудармасында жасыл шалғын туралы сөз етіледі. Неміс тіліндегі түпнұсқадан алшақтық жер мен көктей деп осы жерде қолдануға болар: ағаштардың басындағы жапырақтардан жердегі көк шалғынға бір-ақ кеп түстік.

Б. Момышұлының осы бір тұсты тәржімалауы туралы сөз етсек, «В листьях не услышишь шороха» деп барынша түпнұсқаға сәйкес тәржіма беріп, саймасай аударма жасауға тырысқан. М. Құрманбаев аудармасына келер болсақ, «ағаштардың басында болар болмас леп байқалады» делінген.

Түпнұсқадағы «Птички молчат в лесу» тармағының тәржіма нұсқаларын қарастырып өтейік. Г. Бельгер жолма-жол тәржімасында бұл тұс өзгеріссіз «Птички молчат в лесу» деп сақталса, В. Брюсов тәржімасында «Птицы спят в молчании бора» түріндегі трансформация көмегімен берілген. Ю. Александров бұл тармақты «ни пенья в ней, ни суеты» деп ұтымды аударма нұсқасын бере білген деп айтуға болар. Түпнұсқаға деген дәлдік қатал сақталмағанымен, орман тыныштығын құстардың әуелетіп ән салмауымен байланыстыра суреттеу – аудармашы шеберлігін танытатын тұстардың бірі деп есептеймін. Себебі, орманның сәні де, базары да – құстардың тамылжыта салған әні. Б. Момышұлы жасаған тәржіма нұсқасында бұл тұс «Птички безмолвно молчат в лесу» түрінде, түпнұсқаның сәтті баламасы ретінде көрініс тапса, М. Лермонтов пен И. Анненский өз тәржіма нұсқаларында бұл тұсты суреттемеген. Қазақ тіліндегі Абай және Мұзафар Әлімбаев жасаған тәржіма нұсқаларында да бұл тұс туралы сөз етілмейді.

Ал «Отдохнешь ты тоже» тұсының тәржімалануына келер болсақ, В. Брюсов түпнұсқадан сәл алшақтап, «Уснешь и ты» деп берген. Мұның

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

себебін аудармашының «птицы спят в молчании бора» деген тармағымен арадағы байланыстан табуға болады. Аудармашы орманның жым-жырт тыныштықта болуын, құстардың әндетпей қалуын айналаның ұйқыға кетуімен байланыстыра келе, оқырманның да ұйқыға кетіп тынығуын сөз етеді.

Осындай тыныштық образын тәржімалауға И. Анненский де өзіндік тұрғыдан келіп, «Тишь и тебя...возьмет» түрінде тәржімалаған. Бұл жерде аудармашы түпнұсқа құрылымына өзгерту енгізіп, сәйкестік табуда кейбір олқылықтарға жол бергендей. Ю. Александров болса, «отдохнешь» етістігінен зат есім жасап, яғни транспозиция тәсілін пайдалану арқылы:

*К отдохновенью
все ближе ты, –*

деп тәржіма жасаған. Ал М. Лермонтовтың түпнұсқаға барынша сәйкестік іздеп:

*Подожди немного,
Отдохнешь и ты, –*

деген тәржімасының негізінде Абай:

*Тыншығарсың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ, –*

деген. М. Әлімбаев:

*Аялдай тұрсаң болғаны,
Тыныстар күнің алдыңда, –*

деп тәржімаласа, М. Құрманбаев: «Сен де тыншығарсың» деп өз аударма нұсқасын берген.

Тұтастай алғанда, атақты неміс ақыны Гетенің бұл өлеңін орыс тілінде сөйлеткен әр аудармашы өзінің таланты мен шеберлігінің арқасында сәтті тәржіма жасай білген.

«Менің Абайды тануым Гетені түсінуден басталуға тиіс сықылды еді. Қаншама қазақша оқып, қазақ ауылында өстім дегенмен, неміс емеспін бе? Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Мен әуелі Абай арқылы Гетені таптым. Бұл әншейін айтыла салған жылтырақ сөз емес. Басқасын былай қойғанда, Гетенің әйгілі «Жолаушының түнгі жыры» атты өлеңін мен әуелі Абайдың «Қараңғы түде тау қалғып» деген өлеңін оқып барып, Лермонтовтың «Тау шыңдары» арқылы бойыма сіңіріппін. Қалай десек те, танып-білудің жолы

«АБАЙДЫ БІЛЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

кейде осылай иір-шиір болады екен», - деп жазады Герольд Бельгер өзінің бір мақаласында.

Дегенмен, Абай тұсында қазақ поэзиясында аударма тәжірибесі жоқ еді, яғни сол тәжірибені Абайдың өзі жасады десек те болады. Ал тұңғыш істе қашанда қиындықтардың көптеп кездесетінін білеміз. Сол себепті, Абай кей тұстарда шығармаларды еркін аударып, арасында өз идеялары мен өз көзқарастарын қосып, соған үндеді. Қазақ даласының болмысына қарай бейімдеп жіберген де реттері болды. Қалай болғанда да, Абай аудармаларының басым көпшілігі әрі жатық, әрі дәл, мін атаулыдан аулақ. Жуковскийдің: «Қарсөздің аудармашысы – құл; поэзияның аудармашысы – бәсекелес» дегені жұртқа мәлім. Абай осы бәсекелестік тұрғыдан жарыса аударды. Түпнұсқаның мағынасын, сырын, шырайын сол қалпынша жеткізеді. Оның аудармалары түпнұсқа қазақ тілінде туғандай әсер береді.

«Гете мен Абай шығармашылығы көл-көсір дүние. Мұхтар Әуезов айтқандай, олардан бәріміз де шөмішпен қалқып алып отырмыз» [1, 193], - деген Г. Бельгер сөздері де бекер айтылмаса керек. Гете мен Абайды оқып, түсініп-түйсіну, тану оңай емес. Бірақ түсіну, тану керек. Абайды, Гетені түсіну, тану адамның ақылын байытады, танымын тереңдетеді.

ӘДЕБИЕТ

1 Бельгер Г. Абай мен Гете // Абай тағлымы: әдеби-сын зерттеулер мен мақалалар / құраст. Н. Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. <http://abai-inst.kz/?p=1319#more-1319>

2 Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. <http://abai-inst.kz/?p=1363#more-1363>